



МУҒПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№68
(2239)
Сенбі
10 тамыз
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аз ғана уақыттан соң кезекті жаңа оқу жылы басталады. Сондықтан да оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін аудандағы барлық білім беру ұйымдары жаңа оқу жылына дайын болуы тиіс.

Бұл маңызды мәселе аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте қаралып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары пысықталды.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

Аудан әкімі бүгінде аудандағы бірнеше мектептің басшысы жоқ екенін айтып, бос тұрған орындарға тезірек мектеп директорларын тағайындау қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, білім ошақтарының қысқы жылу беру маусымы-



на дайындық жүргізіп, жаңа оқу жылын аудандағы барлық мемлекеттік балабақшалар мен мектептер ешқандай кедергісіз бастауы қажеттігін айтты.

Аудандық білім бөлімі, полиция бөлімі, төтенше

жағдайлар бөлімі мен аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшыларына «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясына жергілікті кәсіпкерлерді тартып, шараны тиімді әрі са-

палы ұйымдастыру, білім беру ұйымдарындағы дабыл қондырғыларының және өртке қарсы жүйелердің талапқа сай екенін тексеру, мектептердің ас мәзіріне толығымен тексеру жүргізу, тиісті учаскелік полиция инспекторлары өздерінің аумақтары бойынша барлық білім беру нысандарының қауіпсіздігін қадағалауы жөнінде бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Жиын соңында аудан басшысы жауапты сала басшыларына Жанқожа батыр аулында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 300 орындық мектеп құрылысын қатаң бақылауда ұстап, құрылыс жұмыстарын өз мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының тазалық мәселесіне тоқталып, тазалыққа байланысты орын алған кемшіліктерді дереу қалпына келтіруді ескертті.

АУДАН ӘКІМІ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет кезектілікке сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Қабылдауға келген тұрғындар аудан әкіміне өтініш, тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Тұрғындардың басым көпшілігі тұрғын үй мен жер кезегі және Әйтеке би кентінің бірқатар көшелеріне жарық орнату, жол салу және аяқ су әкелу мәселелерін көтерді. Сондай-ақ жұмысқа орналасу, қоғамдық көліктің уақытылы жүрмеуі мен тұрғын үй салу мақсатында алынған жерлерге ауыз су мен газ тарту қажеттігін жеткізген тұрғындарда болды.

Қабылдау барысында аудан әкімі әрбір тұрғынның мәселесін тыңдап, түсініктеме берді. Сондай-ақ, көтерілген мәселелерді зерттеп, заңдылыққа сәйкес шешу жолдарын қарастыру жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырма жүктеді. Ал аудан орталығындағы бірқатар көшелерге жарық орнату, жол салу мәселелері байланысты аудан басшысы сол аймақтарға өзі барып көретіндігін айтты.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

2024 ЖЫЛҒА БӨЛІНГЕН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОҚУ ГРАНТЫНЫҢ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІ ТУРАЛЫ

Әлеуметтік көмек өңірге қажетті мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан:

- жетім балаларға,
- мүгедектігі бар балаларға,
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға,
- балалар үйлері мен ауылдардың тәрбиеленушілеріне,
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға,
- ата-анасының екеуі де жасына байланысты зейнеткер болып табылатын немесе біреуі мүгедектігі бар адам болып табылатын балаларға,
- құрамында бірге тұратын көмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу ны-

саны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасыларындағы балаларға, егер отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда;

аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған жағдайда өңірге қажет мамандықтар бойынша күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алу үшін төмендегідей мамандықтарға

Атап айтқанда:
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне
- Көлік техникасы және технологиялар -1
- Агрономия -1
- Экология және табиғатты

пайдалану – 1

- Дәстүрлі музыка -1
- Қызылорда «Ашық» (Болашақ) университетіне
- Көлікті пайдалану және жүк қозғалысымен тасымалдауды ұйымдастыру -1
- Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне
- Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау -1
- Қарағанды медицина университетіне
- Жалпы медицина – 1

Грант иегерлерінің тізімі жарияланғаннан кейін, ҰБТ-ден жоғары балл жинап, мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған халықтың осал топтарындағы мектеп бітіруші балалар «Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 5-шы тамызынан бастап 15-ші тамызына дейін қабылданады. Мекен жайы: Әйтеке би кенті, Төрмұрат жырау көшесі, №7. Тел: 8(72438)26-0-15

**«Қазалы ауданының
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН КҮРЕС

Кез-келген өркениетті қоғам үшін ең өзекті мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Бұл – менің берік ұстанымым. Осы жұмыста ешқандай көзбояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болады» деген болатын. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды

қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Мәселен, Қазалы ауданының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аудандық комиссиясымен бекітілген жоспары бар. Соған сәйкес, 2024 жылы комиссияның 2 отырысы өткізілді. Аталған жиындарда жауапты мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарылған жұмыстары тыңдалып, хаттамалық шешіммен тапсырмалар берілді.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаттары мүдделі дербес бөлімдер мен мекеме басшыларына, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне үздіксіз ескертілуде. Оның үстіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жоспарына сәйкес аудан әкімдіктерінде №4 Үлгілік базалық бағыты іске асырылуда.

Жобаға сәйкес аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар және оларға бағынысты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, нәтижесімен анықталған сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылданды.

Сонымен қатар, жобаны іске асыру барысында бекітілген кестеге сәйкес Әдеп жөніндегі уәкілдің қатысуымен мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде ай сайын оқыту іс-шаралары, сондай-ақ тұрғындар, оның ішінде жастар арасында түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді.

Расымен, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ,
Қазалы ауданының әкімі

БИЫЛ 150 ОТБАСЫ БАСПАНА ҚУАНЫШЫНА КЕНЕЛМЕК

Биыл Қазалы ауданында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін пайдалануға берілетін 150 пәтерлі 75 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарын көріп, оны салып жатқан кәсіпкерлермен кездесті.

Аудан басшысы кәсіпкерлерге тұрғындардың игілігі үшін берілетін баспаналарды мерзімінен кешіктірмей сапалы аяқтау керектігін айтты. Ал жауапты орынбасарына тұрғын

үйлерді қабылдау кезінде барлық талаптарға сай болуын, тұрғындардан ешқандай шағым болмау керектігін тапсырды.

Айта кетейік, тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары биыл күз айында аяқталып, тұрғындар игілігіне пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Аудан басшысы мұнан соң халық батыры Жанқожа баба кесенесі аумағындағы абаттандыру жұмыстарын көрді.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

● Ардагерлер-абзал жандар

КОММУНИСТЕРДЕН ТЕПІРЕШ КӨРГЕН

Тектінің тұяғы, еңбек ардагері Райхан Шығанбайұлы Қазалы уезінің Қарақұм беткейіндегі қазіргі Шығанбай елді мекенінде 1915 жылы (құжатта 1923 жылы) дүниеге келген. Әкеден 11 жасында жетім қалса да қазалылық бай Шығанбай Салбырұлының жалғыз ұлы көп тепіреш көріпті. Әкесінің мүлкі тәркіленіп, өзі қайтыс болып, ішетін ас, киетін киім, баспаналары жоқ болғандықтан анасы Қалжан үш қызы мен ұлын ертіп, «Майлыбас» аулындағы ағайындарды сағалайды. Бұл жерде де жоқшылық жайлаған соң неге екені белгісіз үлкен екі қызын ертіп, Райханды ағайындарының ортасында қалдырып Ташкент қаласын бетке алады. Содан хабарсыз кетеді. Өлі-тірісі белгісіз.

Райханмен апасы Ұлжалғасты әкесінің туысы Әбділдә ағасымен Жұмагүл жеңгесі қамқорлыққа алады. Олар бұларды өз балаларымен бірдей алаламай тәрбиелеп өсіреді. Атап айтар жағдай Әбділдәнің әкесі Алдамжар Қазалы уезінде патшалық билік құрған кезде болыс болған кісі. Алдамжардың екінші баласы Бекділдә Алдамжаров Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, бірнеше романдардың авторы, талантты жазушы.

Ұрпақтарының айтуынша әкесі Райхан есейгенше байдың ұрпағы деп коммунистерден тепіреш көріпті. Тек, Ұлы Отан соғысы басталғанда қуғын-сүргіннің пәті басылғандай болады. Соғыс кезінде бронмен елде қалдырылады. Қазалы-Жосалы станцияларының аралығындағы шойын жолда, Төретам бекетінде жол қараушы, теміржолшы болып қызмет атқарады. Соғыс жылдарында күн, түн демей, күннің ыстығымен суығына төзіп, қарлы боран мен

жаңбырға қарамай әскери эшалондарды кідіртпей уақытысында жөнелтіп тұрған еңбекқор, жанкешті жан болған.

-Менің әкем Райхан Шығанбайұлы, шешем Аққыз Төретам бекетінде, кейін Байқожа аулына қоныс тепті. Әкемнің мінезі өте тұйық, аз сөйлеп, көп іс тындыратын, жоқтан бар жасайтын шаруаға бейім адам еді. Ал, шешем еті тірі, тірлікке пысық, сөзге шешен, тауып айтатыны бар. Әкеміз бен шешеміздің бас қосуларына Еркебай нағашымыз бен Әбділдә атамыздың достығы себеп болыпты. Екі кісі өздерінің достықтарының куәсі әрі жалғасы ретінде бірі қызын, екіншісі ұлын қосып, мың жылдық құдалыққа ұластырған. Әрине әкенің батасы, ырзашылығы қашанда бала өміріне азық болатыны сөзсіз. Батамен қосылған жұптан 6 ұл, 4 қыз өмірге келіп, қазіргі таңда алды шөбере, немере сүйді. Аллаға шүкір, бәрі өз алдына шаңырақ көтерген үлкен әулетке айналды. Әке-шешеміз темір жол учаскесінде аянбай еңбек етіп біздерді жетілдірді.

Біздер ұрпақтары Шығанбай атамыздың бейітінің басында болып, құран бағыштадық. Құлпытас қойдық. Сондай-ақ, өзі қазған, атауын иеленген Шығанбай құдығында көрдік,-деп Райхан ұлы Марат сөзін аяқтады.

Иә, тектінің тұяғы, еңбек ардагері Райхан Шығанбайұлы темір жол саласында еңбек еткен жылдары еңбегі бағаланып, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін, еңбек ардагері және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңісіне 40, 50, 60, 65 жыл медальдарымен марапатталған.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ ТОҚСАН ЖАСТЫҢ ТӨРІНДЕ

Еңбек және тыл ардагері, алтын құрсақты ана Бисенова Бибіайша Жаңабайқызы биыл 90 жасқа толды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еселеңбекетіп, елдің алғысын арқалаған, қара жұмысқа жастайынан жегіліп, саналы ғұмырын бүгінгі толқынның болашағына арнаған абыз әженің мерейлі жасын ұлы-қыздары мен қалың жұртшылық салтанатпен тойлады.

Бисенбаева Бибіайша 1934 жылы Қазалы қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген жылы соғыс басталып, ел басына күн туған кезде ер-азаматтармен қатар иық тіресіп, тылда аянбай еңбек етті. Қиындықтарды бастан өткеріп, ерік-жігерінің арқасында жолында кездескен кедергілерді жеңе білді.

Ардақты ана 1949 жылы Бисембаев Қуанбайға тұрмысқа шықты. Жолдасы екеуі 8 бала тәрбиелеп, өсірді. Өкініштісі сол отағасы өмірден ерте озып, Бибіайша балаларын өсірді, оқытты, өз алдарына отау қылды. Ұзақ жыл «Қожаназар ишан» мешітінде тазалықшы болып жұмыс істеп, зейнет дема-

лысына шықты. Тағдырына еш өкпе артпаған ана бүгінде алтыннан алқа тағынып, ұл, қыздарынан 66 немере мен 8 шөбере сүйген әулет ардақтысы.

Балаларын адамгершілік пен адал еңбекке тәрбиелеген ата-ананың еңбегі ақталды. Бүгінде ұлдары мен жалғыз қызы еліміздің әр қаласында түрлі салада абыройлы еңбек етуде. Тұңғышы Қуатбай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің физика кафедрасының профессоры, Мұратбайы түрлі салада жемісті еңбек етіп зейнет демалысына шықты. Файзулласы философия ғылымдарының докторы, Украина қаласындағы Шевченко университетінде профессор. Құрманбегі Алматы қалалық емханасының дәрігері, Фазылбегі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде аға оқытушы және аға ғылыми қызметкер. Аманкелді биология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетінің молекулалық биоло-

гия және генетика кафедрасының профессоры, биология және биотехнология ғылыми зерттеу институтының директоры, Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, кіші ұлы Аманжол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде аға оқытушы болып еңбек етеді. Кенже қызы Сарқытгүл Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі.

Ел анасын мақтан тұтып, қаншалықты құрметтесекте жарасады. Қазақ халқында «Қарты бар ел, қазыналы ел» деген нақыл сөз бар. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Осы орайда, аяулы ананың мерейлі тойына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Оңғарбайұлы мен аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жәнібек Алмасұлы арнайы барып,



құттықтап қайтты. Өнегелі өмір иесіне облыс және аудан әкімінің құттықтау хатын табыстап, сый-құрмет көрсетті. Бибіайша Жаңабайқызы риясыз пейілмен шынайы құрметке риза болып, азаматтарға ақ батасын беріп, ізгі тілегін білдірді.

Ұрпағымен мың жасайтын ардақты әжеге ұзақ ғұмыр тілейміз!

Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ,
Қазалы ауданының
қоғамдық даму бөлімінің
әдіскері

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Дала өрттері - табиғи өрттердің негізгі түрлері жасыл желектің – орманның, орманды даланың және даланың (алқаптың) өртенуі.

Өрт – тілсіз жау және барлық апаттың бастауы. Ол экономикаға үлкен материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіретін болғандықтан оған немқұрайлықпен қарамауымыз қажет.

Өрт жаздың ыстығында, ұзақ уақыт жауын жаумай, құрғақшылық болған кезде жиілеп, орманды және дала алқабының өртенуіне шөптің өздігінен жануы басты себеп болады. Мұндай өрттің көбеюіне күшті жел тіпті әсер етеді. Дала өртінің 80 пайызға жуығы тұрғындар еңбек етіп жатқан немесе демалған жерлерде от қауіпсіздігін сақтамауынан болады.

Нәтижесінде даладағы өрт кең жайылып, елді мекендерге қауіп төнеді. Кейде дала өртінің ауылға немесе басқа да елді мекендерге тақап келетін сәттері де болады. Мұндайда ең бастысы – тұрғындарды өсіресе, балаларды, қарттар мен әйелдерді көшіру. Адамдарды шығару, жаяу неме-

се көлікпен болсын оттың жайылу бағытына перпендикуляр жүргізіледі.

Ауыз бен мұрынды ылғалды мақта-дәке таңғышпен, орамалмен, жаулықпен көлегейлеп алған дұрыс. Құжаттарды, ақша мен аса қажет заттарды алуды да ұмытпаңыз.

Сонымен қатар дала өрттері техниканың от ұшқындары сөндіргіші болмауынан, авто-трактор техникасының электр жабдығының жарамсыздығынан, тасталған шылым қалдығы мен шырпының толық сөндірілмеуінен де болады.

Дала өрттерін болдырмау үшін ұйымдардың, шаруашылық қожалықтарының басшылары жұмысшылармен өрт қауіпсіздігі шаралары жөнінде әңгімелер өткізіп, ақаулы техникамен жұмыс істеуге тыйым салып, тракторды зауыттан шыққан от ұшқындары сөндіргіштерімен жабдықтап және өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтамасыз етуі қажет.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ауыл шаруашылығына жарам-

ды жерлерде шабылған егістің орнын өртеуге тыйым салынады. Оттың көрші аумақтарға, отырғызылған орман ағаштарына жайылуын болдырмау үшін жер учаскелері жер үлестерге бөлініп, шектелген жерлері жыртылуы қажет.

Дала өрттерін уақытылы сөндіру олардың ерте анықталғандығына және өрт сөндіру қызметіне немесе ауылдық округ әкімдеріне хабарлануына байланысты.

Сондықтан далалық өлкелерде өрт тұтануларды байқағанда жақын орналасқан ауылдық округ әкімдеріне немесе өрт сөндіру қызметіне (101) хабарлауды сұраймыз.

Ал тұтанудың шағын ошақтарында өздігінен қол астындағы құрал-жабдықтармен сөндіру шараларын қолдану керек.

Құрметті аудан тұрғындары!

Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар.

Қазалы ауданы әкімі
аппаратының
жұмылдыру дайындығы
және аумақтық
қорғаныс бөлімі

ҚҰЛША ЖҰМЫС ІСТЕП, ХАНША ДЕМАЛ...

Бұл сенің өмірлік позицияңа айналуы керек!

Жұртқа керемет көріну үшін емес өзіңнің өміріңді керемет ету үшін – еңбек ет. Сенің қандай жан екеніңді халық біледі. Бастысы шынайылық!

Көп жұмыс істегендер – көп табыс табады деген сөз емес. Ең маңыздысы – өзгеге емес, өзіңе қызмет ету. Сонда ғана жеңіс сенің еншіңде болмақ.

Сен бұл өмірге тек ұрпақ жалғастыру үшін келген жоқсың. Сен – өзіңді өзіңе мойындату үшін жүрсің!

Өзгелер секілді сен де саяхаттауға, әлем ғажайыптарын тамашалауға, өмірдің ләззатын сезінуге, адам екеніңді ұғынуға, шет ел аралап демалуға лайықсың! Тіпті, сол үшін талмай алға ұмтылуға да қауқарың жетіп тұр.

Дамылсыз, тоқтаусыз жұмыс істеп, үзіліссіз еңбектенуге де болмас! Өзіңе уақыт бөле алмасаң, ол өзіңді бағаламауыңнан!

Ерте оян да, таза ауада серуенде;

-Таңғы асыңды әдеттегіден ерекше етіп даярла;

-Отбасыңа көңіл бөл жылы сөздер арна;

-Өзіңнің сырлас адамыңмен бірге шәй іш;

-Кітап оқы, рухани демал;

-Өмірдің саған берген ризығына шүкір ет;

-Бақытты адам екеніңе сен;

Жинақтаған
Гүлшаһар ӘЙМІШОВА

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Адам папиллома вирусы (АПВ) – 200-ге жуық түрді қамтитын тұқымдас вирустарға жатады. Кейбіреулері адам денсаулығына салыстырмалы түрде қауіпсіз, басқалары онкологиялық процестің дамуын белсендіре алады. АПВ сыртқы жыныс мүшелерінің аурулары арасында ең көп таралған және агрессивті патология. Вирус көмей мен ауыз қуысының, тік ішектің, вульваның және қынаптың, жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуын қоздырады. АПВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы симптомсыз болып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Адам папиллома вирусы (АПВ) жұқтырған кезде пайда болатын аурулар:

Жыныс сүйелдерінің пайда болуы;

Тыныс алу жолдарының папилломатозының дамуы;

• Ісік процесінің дамуымен жыныс мүшелерінің зақымдануы.

Көптеген адамдар аурудың клиникалық көрінісінсіз патогенді тасымалдаушы бола алады. АПВ-ны адам қайталап жұқтыруы да мүмкін. Өйткені Адам папиллома вирусы (АПВ) инфекциясынан айыққандардың барлығында вирусқа төзімділік қалыптаса бермейді. Көбінесе, аурудың клиникалық белгілері ерте кезеңдерінде пайда болмайды. Әдетте алғашқы белгілері қоздыратын факторлардың әрекетінен кейін пайда болады.

Онкогенді қауіп бар HPV штамдары:

Жоғары онкогенді қауіпті штамдар (16, 18, 31, 33 және тағы басқа);

Төмен онкогенді қауіпті штамдар (6, 11, 32, 40-44, 72);

Вирустардың төмен онкогенді штамдары денеде сүйелдер мен тері папилломаларын пайда болдырады. Вирус штамдарының жоғары онкогенді түрлері аногени- тальды аймақта, әйелдерде жатыр мойнында және ерлерде жыныс мүшесінде кондиломалардың пайда болуын тудырады. Ағзаға вирустың 16, 18, 31, 33 типті штамының ұзақ уақыт әсер етуінен жатыр мойны дисплазиясына және одан да ауыр ауруға – жатыр мойны обырына әкелуі мүмкін.

Алайда, ағзада жоғары онкогендік қауіп бар Адам

папиллома вирусы (АПВ) болса да, онкологиялық патология әрдайым дамымайды. Диагностикалауға тәжірибелі дәрігерлерге уақтылы көріну, дұрыс және уақытында тағайындалған ем адамда ешқашан папиллома вирусының қауіпті клиникалық көріністерінің пайда болуына мүмкіндік бермейді.

Жұғу жолдары.

Адам папиллома вирусы (АПВ) тұрмыстық байланыс, жыныстық қатынас және вертикальды жолмен беріледі. Жұқтырған кезде вирус эпителий жасушаларына еніп, бөліну процесін бұзумен әртүрлі аурулардың дамуын белсендіреді. Негізінен, вирус несеп-жыныс жүйесінің органдарына және аноректалды аймаққа әсер етеді. Әйелдер мен еркектер патогенді бірдей жұқтырады.

Негізгі берілу жолы – жыныстық қатынас. Әдетте, Адам папиллома вирусы (АПВ) алғашқы жыныстық қатынастан кейін жұғады, бірақ инфекцияның басқа жұғу жолдары да анықталған:

Вертикальды жолы – Адам папиллома вирусы (АПВ) жұқтырған әйелдің босану жолы арқылы өту кезінде туылған нәрестеге жұғуы мүмкін;

Аутоинокуляция – эпиляция немесе қырыну кезінде өзіне-өзі жұқтыру (дененің бір аймағынан екіншісіне ауысу) мүмкін;

Тұрмыстық байланыс – Адам папиллома вирусы (АПВ) қоршаған ортада біраз уақыт өмір сүре береді. Сондықтан оларды қоғамдық орындарға (монша, спорт залы, бассейн, тағы басқа) барғанда жұқтыруы мүмкін;


Байланыс – инфекция терідегі немесе шырышты қабаттардағы жара беті арқылы жұғуы мүмкін (абразиялар, жаралар, көгерулер);

Жыныстық – инфекцияның жұғуының ең көп таралған жолы.

Кез келген адам вирустық инфекцияны жұқтыруы мүмкін!

Инфекцияның негізгі көріністері.

Папилломовирустық инфекцияда ұзақ уақыт бойы клиникалық көріністер болмауы мүмкін. Аурудың инкубациялық кезеңі бірнеше жылға созылып, оның барысында пациент вирустың әртүрлі түрлерін жұқтыруы мүмкін.



Тек қоздырушы факторлардың әсерінен (иммун тапшылығы, гипотермия, стресстік жағдайлар) АПВ инфекциясының белгілерін байқауға болады. Көп жағдайда 1-2 жыл ішінде бұл инфекциядан өздігінен жазылуы мүмкін, бірақ кейбір науқастарда патология созылмалы түрге ауысады.

Жыныс сүйелдері (сүйір кондилома) – сыртқы көрінісі гүлді қырыққабатқа немесе тараққа ұқсайтын папилла тәрізді сүйір өсімділер. Олар дене түсті немесе қызғылт түсті, бір немесе бірнеше болуы мүмкін. Дененің барлық жерінде болады, бірақ көбінесе жыныс мүшелерінің терісі мен шырышты қабығында кездеседі. Папилломалар онкогендік потенциалдың төмендігімен сипатталады. Олар сирек қатерлі ісікке айналады, әдетте науқасқа ыңғайсыздық туғызбайды.

Тегіс кондиломалар – олар өзіне тән құрылымға ие – зардап шеккен органның шырышты қабығының бетінен шықпайды. Мұндай папилломалар жоғары онкологиялық потенциалға ие. Сондықтан мұқият диагностикалауды қажет етеді. Әдетте олар қынаптың, уретраның, жатыр мойнының қабырғаларының шырышты қабатында орналасады. Кондиломаның табиғатын диагностикалау үшін биопсия қажет.

Дисплазия – тіндердің сараланған құрылымын бұзуымен сипатталады. Қатерлі ісік патологиясының дамуына себеп болатын атипті жасушалардың болуы жиі кездеседі. Мұқият бақылауды, қажет болған жағдайда хирургиялық түзетуді қажет етеді.

Патологияның әр түрін дәрігер мұқият бақылауы ке-

рек. Онкологиялық процестің даму қаупін азайту үшін терідегі және шырышты қабаттардағы мұндай өсімділерді алып тастау ұсынылады.

Адам папиллома вирусының (АПВ) алдын алу.

Жыныстық қатынаста тек бір жыныстық серіктес болғаны дұрыс. Бұл әдіс жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялардан, оның ішінде Адам папиллома вирусы (АПВ) -дан қорғауға мүмкіндік береді.

Тосқауыл контрацепциясын қолдану – жеңіл, қолжетімді, бірақ әрқашан инфекциядан 100% қорғай бермейді. Науқас тіпті зақымдалған теріге тиген кезде де вирус жұқтыруы мүмкін.

Мерзімді профилактикалық тексерулер. Қыздар гинекологиялық тексеруден тұрақты түрде өтуі керек. Осылай аурудың алғашқы белгілерін анықтап, оны емдеуді уақтылы бастауға болады.

Вакцинация – тиімді және ыңғайлы профилактикалық әдіс!

Вакцинация ерлерге де, әйелдерге де жасалуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90% -дан астамға төмендетеді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша 2024 жылдың қыркүйегінен бастап 11 жастағы қыздарды АПВ-ға қарсы егу жоспарлануда.

Құрметті ата аналар! Балаларыңызды осы жұқпаға қарсы егу алуға шақырамыз.

Г.Ж.ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.